

**Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияның нысанын және оны жасау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 927 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 қыркүйекте № 24367 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 206-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияның нысаны (270.00-нысан);

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270.00-нысан) жасау қағидалары;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3) тармақшаның қолданысы 01.08.2024 дейін тоқтатылған - ҚР Қаржы министрінің 16.07.2024 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияның нысаны (270.00-нысан);

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

4) тармақшаның қолданысы 01.08.2024 дейін тоқтатылған - ҚР Қаржы министрінің 16.07.2024 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270.00-нысан) жасау қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2021 жылғы 13 қыркүйектегі  
№ 927 бұйрығына  
1-қосымша

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ КІРІСТЕРІ МЕН МҮЛКІ  
ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ**

270.00-нысаны 01 бет

**A бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат**

1. ЖСН \_\_\_\_\_ 2. Салықтық кезең: \_\_\_\_\_ жыл
3. Тегі \_\_\_\_\_
- Аты \_\_\_\_\_
- Әкесінің аты (ол болған кезде) \_\_\_\_\_
- Телефон нөмірі \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_
4. Заңды өкіл болып табылатын адам, өкілдік ететін адамның ЖСН көрсетіңіз \_\_\_\_\_  
(кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі)
5. Декларацияның түрі (тиісті ұяшықта X түрінде көрсетіңіз)
- бастапқы ☐ кезекті ☐ қосымша ☐ хабарлама бойынша қосымша ☐

**B бөлім. Кірістер туралы мәліметтер**

| (A) № | (B) Кіріс түрлері                                                                    | (C) Соммасы |
|-------|--------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
| 01    | Төлем көзінен салық салынуға жататын кіріс                                           |             |
| 02    | Жеке тұлға дербес салық салуға жататын кіріс, оның ішінде:                           |             |
| 02A   | Мүлктік кіріс                                                                        |             |
| 02B   | Жеке практикамен айналысатын адамның кірісі (N бөлімінің B бағаны жолдарының сомасы) |             |
| 02C   | Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі дерек көздерден алынған кіріс       |             |
| 02D   | Дара кәсіпкердің кірісі                                                              |             |

C бөлім. СК 341-бабына сәйкес кірісті түзетудің жалпы сомасы

D бөлім. Салық агенті қолданбаған салықтық шегерімдерінің сомасы

**E бөлім. Жеке табыс салығын есептеу (ЖТС)**

| (A) № | (B) Атауы                                                                                                                                 | (C) Соммасы |
|-------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
| 01    | Дербес салық салуға жататын кірістер бойынша, есептелген ЖТС сомасы (дара кәсіпкер қызметінен түскен кірістерді қоспағанда), оның ішінде: |             |
| 01A   | Жеке практикамен айналысатын адамның кірісінен ЖТС сомасы (N бөлімінің C бағаны жолдарының сомасы)                                        |             |
| 01B   | Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттерде тіркелгендерді қоспағанда, БШК және БШК ТМ жиынтық пайдасынан есептелген ЖТС сомасы              |             |
| 01C   | Жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген БШК және БШК ТМ жиынтық пайдасынан есептелген ЖТС сомасы                                  |             |
| 01D   | Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған кірістердің ЖТС сомасы                                                 |             |
| 02    | Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі дереккөздерден алынатын кірістерден шетелдік салықты есепке жатқызу                      |             |
| 03    | ЖТС бойынша алдын ала төлемдерді есепке жатқызу                                                                                           |             |
| 04    | Төлеуге жататын ЖТС жиыны (01 жол - 01A жол - 01B жол - 01C жол - 02 жол - 03 жол)                                                        |             |
| 05    | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының БСН                               |             |



I бөлім. Дебиторлық/кредиторлық берешектің, оның ішінде есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болуы туралы мәліметтер

Ағымдағы парактың нөмірін көрсетіңіз

| (A) № | (B) Берешек түрі (Д/К) | (C) Дебиторлық/кредиторлық ЖСН/БСН | (D) Дебиторлық/кредиторлық тіркеу елінің коды | (E) Валюта коды | (F) Берешек сомасы | (G) Нотариаттық іс-әрекеттерді жүргізген, нотариустың ЖСН |
|-------|------------------------|------------------------------------|-----------------------------------------------|-----------------|--------------------|-----------------------------------------------------------|
|       |                        |                                    |                                               |                 |                    |                                                           |
|       |                        |                                    |                                               |                 |                    |                                                           |
|       |                        |                                    |                                               |                 |                    |                                                           |
|       |                        |                                    |                                               |                 |                    |                                                           |
|       |                        |                                    |                                               |                 |                    |                                                           |

J бөлім. Есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде мүлктің болуы туралы мәліметтер

| (A) № | (B) Мүлік түрі | (C) Сәйкестендіру нөмірі | (D) Ел коды | (E) Тіркеу мекенжайы |
|-------|----------------|--------------------------|-------------|----------------------|
|       |                |                          |             |                      |
|       |                |                          |             |                      |
|       |                |                          |             |                      |
|       |                |                          |             |                      |
|       |                |                          |             |                      |

K бөлім. ЖТС бойынша асып кетуді есепке жатқызу туралы талап сомасы:

| №  | ЖТС бойынша асып кетуді есепке жатқызуды сұраймын: |     |              |                |          |
|----|----------------------------------------------------|-----|--------------|----------------|----------|
| 01 | Бар салық берешегі бойынша:                        | БСК | Салық сомасы | Өсімақы сомасы | МКО коды |
| 02 | Алдағы төлемдер бойынша:                           | БСК | Салық сомасы | -              | МКО коды |

L бөлім. ЖТС бойынша асып кетуді қайтару туралы талап, егер «Иә» болса, кестені толтырыңыз

| №  | ЖТС сомасы бар салық берешегін өтегеннен кейін, сондай-ақ алдағы төлемдер есебіне енгізгеннен кейін банк шотына қайтаруды сұраймын |                                        |  |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|--|
| 01 | Бенефициардың ЖСК (шот нөмірі)                                                                                                     | Банк коды (Банктік сәйкестендіру коды) |  |

M бөлім. Салық төлеушінің мәліметтерді ашуға келісімі (тілсіз ұяшықта X түрінде көрсетіңіз):

|                                                                                                                                                                                                                        |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| Осымен мен банк мекемелерінің жеке тұрғын Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алуға алынған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсаған шығыстары туралы мәліметтерді беруге келісім беремін |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

N бөлім. Жекеше нотариустың, сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың толтыруы үшін

| (A) Кезең (ай) | (B) Қызметті жүзеге асырудан түскен барлық кірістер | (C) Бюджетке төлеуге жататын ЖТС барлық сомасы | (A) Кезең (ай) | (B) Қызметті жүзеге асырудан түскен барлық кірістер | (C) Бюджетке төлеуге жататын ЖТС барлық сомасы |
|----------------|-----------------------------------------------------|------------------------------------------------|----------------|-----------------------------------------------------|------------------------------------------------|
| Қаңтар         |                                                     |                                                | Шілде          |                                                     |                                                |
| Ақпан          |                                                     |                                                | Тамыз          |                                                     |                                                |
| Наурыз         |                                                     |                                                | Қыркүйек       |                                                     |                                                |
| Сәуір          |                                                     |                                                | Қазан          |                                                     |                                                |
| Мамыр          |                                                     |                                                | Қараша         |                                                     |                                                |
| Маусым         |                                                     |                                                | Желтоқсан      |                                                     |                                                |

## О бөлім. Бақыланатын шетелдік компанияның (БШК) қаржылық пайдасы

Ағымдағы парақтың  
нөмірін көрсетіңіз

| (А) № | (В) БШК немесе<br>БШК ТМ атауы | (С) Тір-<br>кеу<br>елінің<br>коды | (D) БШК немесе<br>БШКТМ<br>Мемлекеттік<br>(салықтық) тіркеу<br>нөмірі | (Е) Қатысу<br>немесе бақылау<br>коэффициенті | (F) Валюты<br>коды | (G) Салық<br>салынғанға<br>дейінгі шетел<br>валютасындағы<br>қаржылық<br>пайда | (H) Ескертпе* |
|-------|--------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------|---------------|
|       |                                |                                   |                                                                       |                                              |                    |                                                                                |               |
|       |                                |                                   |                                                                       |                                              |                    |                                                                                |               |
|       |                                |                                   |                                                                       |                                              |                    |                                                                                |               |
|       |                                |                                   |                                                                       |                                              |                    |                                                                                |               |
|       |                                |                                   |                                                                       |                                              |                    |                                                                                |               |
|       |                                |                                   |                                                                       |                                              |                    |                                                                                |               |
|       |                                |                                   |                                                                       |                                              |                    |                                                                                |               |
|       |                                |                                   |                                                                       |                                              |                    |                                                                                |               |

\* Бар болған жағдайда толтырылалы.

Есепті кезеңнің дейінгі алдыңдағы екі кезеңде туындайтын БШК немесе БШК ТМ шығындары сомасының; шетел валютасындағы кемітулер сомасының; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасының; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасының; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасының; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомалары; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомалары; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомалары; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомалары; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 9) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; СК-нің 340-бабы 3-тармағының 10) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; БШК-тің немесе БШК ТМ-нің шетел валютасындағы кемітулері мен залалдарын ескере отырып, қаржылық пайда; шетел валютасында салық салуға жататын қаржылық пайда; ұлттық валютада салық салуға жататын қаржылық пайда; СК-нің 340-бабы 3-тармағының; шетел валютасындағы пайдаға төленген шетел салығының сомасы; ұлттық валютадағы есепке жатқызылуы тиіс пайдаға шетел салығының сомасы; БШК және БШК ТМ жиынтық пайдасы; жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелгендерді қоспағанда, БШК және БШК ТМ салық салынатын кірісінің сомасы; жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелген БШК және БШК ТМ салық салынатын кірісінің сомасы; БШК немесе БШК ТМ қаржылық пайдасынан шетел салығын есепке жатқызу.

## Р бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Мен осы декларацияда келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын растаймын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабарландым

Салық төлеушінің/заңды немесе уәкілетті өкілдің тегі,  
аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

---

Мемлекеттік кірістер органының коды   /  /  /  Декларацияны тапсыру күні   /  /  

Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның  
тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

---

Декларацияны қабылдау күні   /  /  Құжаттың кіріс нөмірі                     Почта мөртабанының күні   /  /  

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – Жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – Бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

СК – Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексі;

ЖТС – Жеке табыс салығы;

БШК – Бақыланатын шетелдік компания;

БШК ТМ – Бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі;

Д/К – Дебиторлық/Кредиторлық;

АЕК – Айлық есептік көрсеткіш;

ЖСК – Жеке сәйкестендіру коды;

БСК – Бюджеттік сыныптама коды;

МКО коды – Мемлекеттік кірістер органының коды.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2021 жылғы 13 қыркүйектегі  
№ 927 бұйрығына  
2-қосымша

## Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны жасау қағидалары (270.00-нысан)

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270.00-нысан) жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 206-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді және жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкі туралы декларацияның (бұдан әрі – Декларация) жасалу тәртібін айқындайды.

2. Декларация жыл сайын, Салық кодексінің 633-бабына сәйкес активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну бойынша міндеттеме туындаған жылдан кейінгі келесі жылдан бастап, есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ұсынылады.

Декларация (1-қосымша) осы Қағидаларға сәйкес жасалады және 2022 жылдан бастап 2023 жыл арасына ұсынылады:

жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар және олардың жұбайлары;  
мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайлары;

мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары;

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және "Банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының, "Сақтандыру қызметі туралы", "Бағалы қағаздар нарығы туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Декларация табыс ету міндеті жүктелген тұлғалар табыс етеді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 3. Декларация:

1) күнтізбелік жылы үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде алынған кірістер;

2) салықтық шегерімдер;

3) мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікті, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікті, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде сатып алу және (немесе) иеліктен шығару және (немесе) өтеусіз алу;

4) жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын, оның ішінде Салық кодексінің 351-бабында айқындалған салық шегерімі қолданылған жағдайда, жеке тұлғаның банк мекемелерінің Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алуға алынған ипотекалық

тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге арналған шығыстары туралы мәліметтерді ұсынуға келісімін көрсете отырып, есепке жатқызу және қайтару жөніндегі талаптар;

5) жиынтығында республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанында қолданылатын АЕК мың еселенген мөлшерінен асатын сомада Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетелдік банктердегі банктік шоттардағы ақша;

6) есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жеке тұлғаның меншік құқығындағы қолда бар мүлік:

шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес, шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын жылжымайтын мүлік;

эмитенттері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздар;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі;

7) Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берешекті қоспағанда, міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын, нотариат куәландырған (айғақтаған) шарт немесе өзге де құжат болған кезде басқа адамдардың жеке тұлға алдындағы берешегі (дебиторлық берешегі) және (немесе) жеке тұлғаның басқа адамдар алдындағы берешегі (кредиторлық берешегі) туралы ақпаратты жеке тұлғалардың көрсетуіне арналады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Декларация:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып;

2) электрондық жеткізгіште – салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесі арқылы жасалады.

7. Қағаз тасығышта жасалған Декларацияға жеке тұлға не оның өкілі қол қояды.

Электрондық тасымалдағышта жасалған Декларация:

1) жеке тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы;

2) бір реттік парольді пайдалана отырып куәландырылады.

8. Декларацияны тапсыру кезінде:

1) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасын алады;

2) электрондық түрде – салық төлеуші мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарлама алады;

3) келу тәртібімен қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық төлеушіге қайтарылады.

## **2-тарау. Декларацияны жасау**

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" А бөлімінде:

1) 1-жолда – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН);

2) 2-жолда – Декларация табыс етілетін салық кезеңі араб цифрларымен.

Күнгізбелік жыл Декларацияны табыс ету үшін салық кезеңі болып табылады;

3) 3-жолда – жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), телефон нөмірі (қалауы бойынша) және электрондық мекенжайы (қалауы бойынша);

4) 4-жолда – ұсынатын тұлғаның ЖСН. Декларацияны жасайтын жеке тұлға, кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі тұлғаның заңды өкіл болған жағдайда ғана толтырады;

5) 5-жолда – Декларацияның түрі.

Салық есептілігінің мынадай:

бастапқы – мұндай Декларацияны табыс ету бойынша белгіленген міндет алғаш рет туындауына байланысты жеке тұлға табыс ететін Декларация;

кезекті – бастапқы Декларация ұсынылғаннан кейін келесі салық кезеңдеріне ұсынылатын Декларация;

қосымша – оған осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар жататын салықтық кезең үшін бұрын ұсынылған Декларацияға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде жеке тұлға ұсынатын Декларация;

хабарлама бойынша қосымша – мемлекеттік кірістер органы жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған салықтық кезең үшін бұрын ұсынылған Декларацияға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде жеке тұлға ұсынатын Декларация түрлеріне жатқызуды ескере отырып тиісті ұяшық белгіленеді.

10. Салық төлеуші "Кірістер туралы мәліметтер" В бөлімінде есепті кезеңде олар болған кезде мынадай деректерді:

1) 01 жолында – төлем көзінен салық салуға жататын кіріс сомасын;

2) 02 жолында – жеке тұлғаның дербес салық салуға жататын кіріс сомасын;

3) 02А жолында – мүлiктік кіріс сомасын;

4) 02В жолында – жеке практикамен айналысатын тұлғаның кіріс сомасын (N бөлімнің В бағаны жолдарының сомасы);

5) 02 жолында – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден түсетін кіріс сомасын;

6) 02D жолында – дара кәсіпкер кірісінің сомасын көрсетеді.

11. Салық төлеуші "Салық кодексінің 341-бабына сәйкес кірісті түзетудің жалпы сомасы" С бөлімінде есепті кезеңде олар болған кезде түзету сомасын көрсетеді.

12. Салық төлеуші "Салық агенті қолданбаған салық шегерімдерінің сомасы" D бөлімінде есепті кезеңде олар болған кезде Салық кодексінің 342-бабына сәйкес салық шегерімдерінің сомасын көрсетеді.

13. "Жеке табыс салығын (ЖТС) есептеу" Е бөлімінде есепті кезеңде алынған кірістерден есептелген жеке табыс салығының (бұдан әрі – ЖТС) сомасы:

1) 01 жолында – дербес салық салуға жататын кірістер бойынша, есептелген ЖТС сомасы (дара кәсіпкер қызметінен түскен табыстарды қоспағанда);

2) 01A жолында – жеке практикамен айналысатын тұлғаның кірісінен ЖТС сомасы (N бөлімнің C бағаны жолдарының сомасы);

3) 01B жолында – бақыланатын шетелдік компанияның (бұдан әрі – БШК) және бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің (бұдан әрі – БШК ТМ) жиынтық пайдасынан есептелген ЖТС сомасы);

4) 01C жолында – салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген БШК және БШК ТМ жиынтық пайдасынан есептелген ЖТС сомасы;

5) 01D жолында – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған кірістердің ЖТС сомасы;

6) 02 жолында – Салық кодексінің 359-бабы 1-тармағының ережелеріне сәйкес ұлттық валютада есептелген, Қазақстан Республикасында ЖТС төлеу кезінде есепке жатқызуға жататын, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған кірістерден шетелдік табыс салығының сомасы;

7) 03 жолында – жұмыстарды орындаудың (қызметтерді көрсетудің) әрбір айы үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын АЕК-тің екі еселенген мөлшері мөлшерінде есептелген, еңбек көші-қонының ЖТС бойынша алдын ала төлем ретінде төлеген сомасы;

8) 04 жолында – төлеуге жататын және мынадай тәртіппен айқындалатын ЖТС жиынтық сомасы:

01 жол

алу

01A жол

алу

01B жол

алу

01C жол

алу

02 жол

алу

03 жол;

9) 05 жолында – жеке тұлғаның орналасқан жері бойынша аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппаратының бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) көрсетіледі.

14. Салық төлеуші "Мүлікті сатып алу (алу) туралы және мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабу көздері туралы мәліметтер" F бөлімінде есепті кезеңде олар болған кезде мынадай деректерді:

1) 01 жолында – сатып алынған мүлік құнының (бағасының) жалпы сомасын;

2) 02 жолында – мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабуға арналған кіріс көздерінің жалпы сомасын;

3) A бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

4) B бағанында – сатып алынған (алынған) мүліктің түрін;

5) C бағанында – құқық белгілейтін құжаттар негізінде B бағанында көрсетілген мүліктің сәйкестендіру нөмірін;

6) D бағанында – сатып алынған мүлік елінің коды. Елдің коды "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – № 378 КОК шешімі) бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

7) E бағанында – мүлік сатып алынған теңгедегі құнын (бағасын);

8) F бағанында – мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабуға арналған кіріс көзінің атауын;

9) G бағанында – мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабуға арналған кіріс көзінің ЖСН/БСН;

10) H бағанында – мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабуға арналған кіріс көзінің теңгедегі сомасын көрсетеді.

15. Салық төлеуші "Мүлікті иеліктен шығару туралы мәліметтер" G бөлімінде есепті кезеңде олар болған кезде мынадай деректерді:

1) A бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

2) B бағанында – иеліктен шығарылған (берілген) мүліктің түрін;

3) C бағанында – құқық белгілейтін құжаттар негізінде B бағанында көрсетілген мүліктің сәйкестендіру нөмірін;

4) D бағанында – иеліктен шығарылған мүлік орналасқан елдің кодын көрсетеді.

Елдің коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

5) Е бағанында – мүлікті сатып алушының (алушының) тегі, аты, әкесінің атын (ол болған кезде)/атауы;

6) F бағанында – В бағанында көрсетілген мүлікті сатып алушының (алушының) ЖСН/БСН;

7) G бағанында – мүлік сатылған теңгедегі құнын (бағасын) көрсетеді.

16. Салық төлеуші "Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі, шетелдік банктердегі банктік шоттарда жиынтығында республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына қолданыста болатын АЕК мың еселенген мөлшерінен асатын сомадағы ақша туралы мәліметтер" Н бөлімінде есепті күнге олар болған кезде мынадай деректерді:

1) А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

2) В бағанында – банк мекемесінің сәйкестендіру нөмірін;

3) С бағанында ақша сақталатын банк мекемесінің атауын;

4) D бағанында – банк мекемесін тіркеген елдің кодын көрсетеді.

Елдің коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

5) Е бағанында – № 378 КОК шешімімен бекітілген "Валюталар жіктеуіші" 23-қосымшасында белгіленген үш таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетілетін валюта коды;

6) F бағанында – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетелдік банктердегі банктік шоттарда жиынтығында республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына қолданыста болатын АЕК-тің мың еселенген мөлшерінен асатын сомадағы ақшаны көрсетеді.

17. "Дебиторлық/кредиторлық берешектің, оның ішінде есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болуы туралы мәліметтер" I бөлімі, егер Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берешекті қоспағанда, шарт немесе міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын, нотариат куәландырған (айғақтаған) өзге құжат болған кезде Декларацияны (дебиторлық берешек) табыс ететін жеке тұлғаның алдындағы басқа тұлғалардың берешегін және (немесе) Декларацияны табыс ететін жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешек) болған кезде толтырылады.

Салық төлеуші есепті күні олар болған кезде мынадай деректерді:

1) А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

2) В бағанында – берешек түрін (дебиторлық/кредиторлық);

3) С бағанында – дебитордың/кредитордың ЖСН/БСН;

4) D бағанында – дебитордың/кредитордың тіркелген елінің кодын көрсетеді.

Елдің коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

5) Е бағанында – берешегі бар валюта кодын көрсетеді.

Валюта коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Валюталар жіктеуіші" 23-қосымшасында белгіленген үш таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

6) F бағанында – есептелген сыйақы (пайыздар) сомасын қоса алғанда, берешек сомасын;

7) G бағанында – нотариаттық іс-әрекеттерді жүргізген нотариустың ЖСН көрсетеді

18. Салық төлеуші "Есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде мүліктің болуы туралы мәліметтер" J бөлімінде есепті күнге бар болған кезде мынадай деректерді:

1) A бағанында - толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

2) B бағанында – шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын не ол бойынша құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын мүліктің түрін;

эмитенттері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздарды;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін;

3) C бағанында – құқық белгілейтін құжаттар негізінде B бағанында көрсетілген мүліктің сәйкестендіру нөмірін;

4) D бағанында – мүлікті тіркеу елінің кодын көрсетеді.

Елдің коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

5) E бағанында – мүлікті тіркеу мекенжайын көрсетеді.

19. "ЖТС бойынша асып кетуді есепке жатқызу туралы талап" K бөлімі бюджеттік сыныптама кодын, салық сомасын, өсімпұл сомасын, мемлекеттік кірістер органының кодын көрсете отырып, бар салық берешегінің және (немесе) алдағы төлемдердің есебіне ЖТС бойынша асып кету сомасын есепке жатқызуды жүргізуге арналған.

20. "ЖТС бойынша асып кетуді қайтару туралы талап" L бөлімінде ЖТС бойынша асып кету сомасын банк шотына қайтаруға арналған.

ЖТС бойынша асып кетуді қайтару туралы талап етілген жағдайда, банктік шотқа қайтаруға жататын соманы, бенефициардың жеке сәйкестендіру кодын (ЖСК) және банктік сәйкестендіру кодын (БСК) көрсету қажет.

21. Салық төлеуші "Салық төлеушінің мәліметтерді ашуға келісімі" M бөлімінде Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алуға алынған ипотекалық тұрғын үй

қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсаған шығыстары туралы мәліметтерді мәліметтерді алуға келісім береді.

22. Салық төлеуші "Жекеше нотариустың, сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың толтыруы үшін" N бөлімінде есепті кезеңде олар болған кезде мынадай деректерді:

- 1) А бағанында – табыс алынған кезеңді (ай);
- 2) В бағанында – есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін алынған кіріс сомасын;
- 3) С бағанында – есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін бюджетке төленуге жататын ЖТС сомасын көрсетеді.

23. Салық төлеуші "Бақыланатын шетелдік компанияның (БШК) қаржылық пайдасы" О бөлімінде есепті кезеңде олар болған кезде мынадай деректерді:

- 1) А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;
- 2) В бағанында – БШК-нің немесе БШК ТМ-ның атауын;
- 3) С бағанында – БШК-нің немесе БШК ТМ құрылған (инкорпорацияланған) елдің кодын көрсетеді.

Елдің коды КОК № 378 шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасына сәйкес екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

4) D бағанында – олар құрылған (инкорпорацияланған) елдегі әрбір БШК-нің немесе әрбір БШК ТМ-ның мемлекеттік (салықтық) тіркеу нөмірі көрсетіледі. БШК-де немесе БШК ТМ-да екі тіркеу болған кезде: мемлекеттік және салықтық тіркеу болса, онда осы бағанда салықтық тіркеу нөмірін көрсету қажет;

5) E бағанында – Салық кодексінің 294-бабына, 297-бабының 7-тармағына сәйкес айқындалатын дербес немесе бақыланатын тұлға (бақыланатын тұлғалар) арқылы салық төлеуші-резиденттің БШК-де тікелей, жанама, конструктивті иелік етуі немесе тікелей, жанама, конструктивті бақылауы кезінде әрбір БШК-де тікелей, жанама, конструктивті қатысуы немесе бақылау коэффициентінің мөлшері;

- 6) F бағанында – валютаның, қаржылық пайданың кодын көрсетеді;

Валюта коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Валюталар жіктеуіші" 23-қосымшасында белгіленген үш таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

7) G бағанында – Салық кодексінің 340-бабы 1-тармағына, 297-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес айқындалатын, шетел валютасындағы әрбір БШК-ге немесе әрбір БШК ТМ-ға салық салынғанға дейінгі қаржылық пайданың оң шамасын;

8) H бағанында – есепті кезеңнің дәйекті алдындағы екі кезеңде туындайтын БШК немесе БШК ТМ шығындары сомасы; шетел валютасындағы кемітулер сомасы; Салық кодексінің 340-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; Салық кодексінің 340-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; Салық кодексінің 340-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; Салық кодексінің 340-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы;

Салық кодексінің 340-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; Салық кодексінің 340-бабы 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; Салық кодексінің 340-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; Салық кодексінің 340-бабы 3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; Салық кодексінің 340-бабы 3-тармағының 9) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; Салық кодексінің 340-бабы 3-тармағының 10) тармақшасына сәйкес шетел валютасындағы кемітулер сомасы; БШК-нің немесе БШК ТМ-ның шетел валютасындағы кемітулері мен шығындарын ескере отырып, қаржылық пайда; шетел валютасында салық салуға жататын қаржылық пайда; ұлттық валютада салық салуға жататын қаржылық пайда; шетел валютасындағы қаржылық есептілік бойынша пайдаға салынған шетел салығының сомасы; ұлттық валютадағы есепке жатқызылуы тиіс пайдаға салынған шетел салығының сомасы; БШК және БШК ТМ жиынтық пайдасы; жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелгендерді қоспағанда, БШК және БШК ТМ салық салынатын кірісінің сомасы; жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелген БШК және БШК ТМ салық салынатын кірісінің сомасы; БШК немесе БШК ТМ қаржылық пайдасынан шетел салығын есепке жатқызу болған кезде толтырылады.

24. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" Р бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің/заңды немесе уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)" деген ашық жолда – жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес салық төлеушінің/заңды өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

2) "Декларацияның тапсырылған күні" деген ашық жолда – Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органына Декларацияның табыс етілген күні;

3) мемлекеттік кірістер органының коды ашық жолында:

дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғалар, жеке практикамен айналысатын адамдар үшін – тұрғылықты (болатын) жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар, жеке практикамен айналысатын адамдар үшін – орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)" деген ашық жолда – Декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

5) Декларацияны қабылдау күні – Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағына сәйкес Декларацияны табыс ету күні;

6) құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы беретін Декларацияның тіркеу нөмірі;

7) пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге де байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Осы тармақтың 4), 5), 6), 7) тармақшаларын Декларацияны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2021 жылғы 13 қыркүйектегі  
№ 927 бұйрығына  
3-қосымша

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3-қосымшаның қолданысы 01.08.2024 дейін тоқтатылған - ҚР Қаржы министрінің 16.07.2024 № 452 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

270.00-нысан 01-бет

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ КІРІСТЕРІ МЕН МҮЛКІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ**

Ескерту. Қағидалар 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **А бөлімі. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат**

1. ЖСН (ол болған кезде) \_\_\_\_\_ 2. Салық кезеңі: \_\_\_\_\_ жыл

3. Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

4. Телефон нөмірі \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

5. Заңды өкіл болып табылатын адам, өкілдік ететін адамның ЖСН көрсетіңіз \_\_\_\_\_

(кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі)

6. Жұбайының ЖСН \_\_\_\_\_

7. Декларацияның түрі (тиісті торкөзге X түрінде көрсетіңіз)

бастапқы

☐

кезекті

☐

қосымша

☐

хабарлама бойынша қосымша

☐

8. Кірістер мен мүліктің болуы (тиісті торкөзге X түрінде көрсетіңіз):

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                 |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A. | Сізде жеке тұлғаның дербес салық салуға жататын кірісі бар ма (мүліктік кірістер, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі көздерден алынған кірістер, үй қызметкерінің кірісі, медиатордың кірісі, жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін кіріс ):                                                                                 |                                                                                                 |
туынды қаржы құралдарын (орындалуы базалық активті сатып алу немесе өткізу жолымен жүргізілетін туынды қаржы құралдарын қоспағанда);

тұрғын үй құрылысына қатысу үлесін;

инвестициялық алтынды сатып алған адамдар;

10) салық агентіне өзге шегерімдердің алдын ала сомасы түрінде салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтініш ұсынған адамдар ұсынады.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 6), 7) және 8) тармақшаларының ережелері ағымдағы есепті кезеңде бір мезгілде осы Кодекстің 630-бабына сәйкес активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған адамдарға қолданылмайды.

Бейрезиденттер болып табылатын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар мынадай шарттардың бірі болған:

1) есепті салықтық кезеңде Қазақстан Республикасындағы көздерден жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістерді алған кезде;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсыру міндеті жүктелген адамдар болып табылса, кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсырады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.10.2025 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Декларация:

1) дара кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметтен түсетін, декларациялауға жататын кірістерін қоспағанда, жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістер;

2) салықтық шегерімдер;

3) мүлікті Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде алу және (немесе) иеліктен шығару, оның ішінде өтеусіз негізде алу және (немесе) иеліктен шығару;

4) жеке табыс салығы (бұдан әрі – ЖТС) бойынша, оның ішінде осы Кодекстің 351-бабында айқындалған салықтық шегерім қолданылған жағдайда, Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алуға алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жеке тұлғаның шығыстары туралы мәліметтерді банк мекемелерінің беруіне жеке тұлғаның келісімін көрсете отырып, асып кету сомасын есепке жатқызу және қайтару жөніндегі талап (бұдан әрі – ЖТС бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және қайтару жөніндегі талап).

ЖТС бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және қайтару жөніндегі талап 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап толтырылады.

5) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетелдік банктердегі банктік шоттарда жиынтығында республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына қолданыста болатын АЕК-тің 1000 еселенген мөлшерінен асатын сомадағы ақша;

6) есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жеке тұлғаның меншік құқығындағы қолда бар мүлік:

шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын не ол бойынша құқықтар және (немесе) мәмілелер мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын мүлік;

эмитенттері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тіркелген бағалы қағаздар, цифрлық активтер;

инвестициялық алтын;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі;

7) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде осы Кодекстің 634-бабының 6-тармағында көрсетілген, басқа тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегі (дебиторлық берешегі) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешегі) туралы ақпаратты жеке тұлғалардың көрсетуіне арналған.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.10.2025 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Қағаз тасымалдағышта жасалған Декларацияға жеке тұлға не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген, өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін, нотариат растаған немесе оған теңестірілген сенімхат негізінде әрекет ететін оның өкілі қол қояды.

Электрондық тасымалдағышта жасалған Декларация:

- 1) жеке тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы;
- 2) бір реттік парольді пайдалана отырып куәландырылады.

5. Декларация Салық кодексінің 208-бабының 6-тармағын ескере отырып, қағаз тасымалдағышта келу тәртібінде ұсынған кезде екі данада жасалады.

## **2-тарау. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны жасау тәртібі 1-параграф. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны жасау**

6. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген А бөлімінде:

- 1) 1-жолда – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН);
- 2) 2-жолда – Декларация табыс етілетін салық кезеңі араб цифрларымен; күнтізбелік жыл Декларацияны табыс ету үшін салық кезеңі болып табылады;
- 3) 3-жолда – жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);
- 4) 4-жолда – телефон нөмірі (қалауы бойынша) және электрондық мекенжайы (қалауы бойынша);
- 5) 5-жолда – ұсынатын тұлғаның ЖСН. Егер Декларацияны жасайтын жеке тұлға, кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі тұлғаның заңды өкілі болса толтырады;
- 6) 6-жолда – жұбайының ЖСН;
- 7) 7-жолда – Декларацияның түрі көрсетіледі.

Салық есептілігінің мынадай:

бастапқы – мұндай Декларацияны табыс ету бойынша белгіленген міндет алғаш рет туындауына байланысты жеке тұлға табыс ететін Декларация;

кезекті – бастапқы Декларация табыс етілгеннен кейінгі келесі салық кезеңдеріне ұсынылатын Декларация;

қосымша – оған осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар жататын салықтық кезең үшін бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде жеке тұлға ұсынатын Декларация;

хабарлама бойынша қосымша – мемлекеттік кірістер органы жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған салықтық кезең үшін бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде жеке тұлға табыс ететін Декларация түрлеріне жатқызуды ескере отырып тиісті торкөз белгіленеді;

8) 8-жолда – кіріс пен мүліктің болуы. Мәліметтердің болуы туралы ұсынылған қосымшалар ескертіле отырып тиісті торкөз белгіленеді (барлық көрсеткіштар есепті күні олар болған кезде белгіленеді):

8А жолында – жеке тұлғаның дербес салық салуға жататын кірісі туралы (мүліктік кірістер, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі көздерден алынған кірістер, үй қызметкерінің кірісі, медиатордың кірісі, жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін кіріс және Салық кодексінің 321-бабында көрсетілген, салық агенті болып табылмайтын тұлғалардан алынған басқа кірістер);

8В жолында - ЖТС бойынша асып кетуді есепке жатқызу және қайтару туралы талап;

8С жолында – жеке практикамен айналысатын тұлғаның кірісі туралы (жеке нотариус, сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор);

8D жолында – Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мүлік болуы туралы;

8Е жолында – есепті салық кезеңі ішінде мүлікті сатып алу (алу) және (немесе) иеліктен шығару туралы және мүлікті оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабу көздері туралы ("Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң) сәйкес декларацияны тапсыру міндеті жүктелген тұлғалар ғана толтырады);

8F жолында – есепті салық кезеңінің 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дебиторлық/кредиторлық берешектің болуы туралы (Банк қызметі туралы заңға сәйкес құрылған банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың берешегін қоспағанда);

8G жолында – бақыланатын шетелдік компанияның (бұдан әрі - БШК) қаржылық пайдасының болуы туралы мәліметтер көрсетіледі.

7. "Салық төлеушінің мәліметтерді ашуға келісімі" деген В бөлімде салық төлеуші банк мекемелерінің жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алуға алынған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсаған шығыстары туралы мәліметтерді беруге келісімін береді.

8. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген С бөлімде:

1) "Салық төлеушінің/заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" деген ашық жолда – жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес салық төлеушінің/заңды немесе уәкілеттік берілген өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);

2) "Декларация тапсырылған күні" деген ашық жолда – мемлекеттік кірістер органына Декларация табыс етілген күн;

3) "Мемлекеттік кірістер органының коды" деген ашық жолда:

дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғалар, жеке практикамен айналысатын адамдар үшін – тұрғылықты (болатын) жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар, жеке практикамен айналысатын адамдар үшін – тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)" деген ашық жолда – Декларацияны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);

5) Декларацияны қабылдау күні – Салық кодексінің 209-бабының 2-тармағына сәйкес Декларацияны табыс ету күні;

6) құжаттың кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы беретін Декларацияның тіркеу нөмірі;

7) пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге де байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Осы тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшаларын Декларацияны қағаз тасымалдағышта қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

## **2-параграф. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияға 270.01-нысанын (1-қосымша) жасау**

9. "Жеке тұлғаның дербес салық салуға жататын кірісі туралы мәліметтер" деген 1-қосымша егер Декларацияда 8А жолы белгіленсе толтырылады.

10. "Жалпы ақпарат" деген А бөлімде:

1) 1-жолда – жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірі;

2) 2-жолда – араб сандарымен Декларация табыс етілетін салық кезеңі көрсетіледі.

Декларацияны табыс ету үшін салық кезеңі күнтізбелік жыл болып табылады.

11. "Жеке тұлғаның дербес салық салуға жататын күнтізбелік жылдағы кірісі" деген В бөлімде:

1) А жолында Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерден алған мүлкітік кірістің, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлкікті өткізуден түскен кірістің сомалары көрсетіледі. Бұл жол А1, А2, А3, А4, А5 жолдарының қосындысы ретінде айқындалады.

А1 жолында 1) және 2) жолдың қосындысы ретінде құн өсімінен түскен кіріс көрсетіледі:

1) жолда Салық кодексінің 331-бабында көрсетілген Қазақстан Республикасындағы мүлікті өткізуден түскен кіріс көрсетіледі;

2) жолда Салық кодексінің 332-бабына сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жердегі көздерден алынған мүлікті өткізуден түскен кіріс көрсетіледі;

А2 жолында Салық кодексінің 333-бабын сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде мүлікті (ақшадан басқа) беру кезінде құн өсімінен түсетін кіріс көрсетіледі;

А3 жолында салық агенттері болып табылмайтын тұлғаларға мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруден дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаның алған кірісі көрсетіледі;

А4 жолында талап ету құқығын, оның ішінде Салық кодекстің 335-бабына сәйкес тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын үйдегі (ғимараттағы) үлесін басқаға беруден түсетін кіріс көрсетіледі;

А5 жолында шағын бизнес субъектілері үшін не шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің Салық кодексінің 334-бабында көрсетілген өзге де активтерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріс көрсетіледі;

2) В бөлімінің А жолында көрсетуге жатпайтын, басқа кірістер көрсетіледі, оның ішінде:

В1 жолында Салық кодексінің 322-338-баптарына сәйкес айқындалатын шетелдік көздерден есепті салық кезеңінде алынған немесе алынуға жататын кіріс сомасы көрсетіледі. Осы жолға 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) жолдың қортынды мәні көшіріледі:

1) жол есепті салық кезеңінде шетелдік көздерден алынған немесе алынуға жататын еңбек (ұжымдық) шарты бойынша кіріс сомасын көрсетуге арналған;

2) жол жол шетелдік көздерден есепті салық кезеңінде алынған немесе алынуға жататын, нысанасы қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша кіріс сомасын көрсетуге арналған;

3) жол есепті салық кезеңінде шетелдік көздерден алынған немесе алуға жататын ұтыстар түріндегі кіріс сомасын көрсетуге арналған;

4) жол есепті салық кезеңінде шетелдік көздерден алынған немесе алынуға жататын дивидендтер түріндегі кіріс сомасын көрсетуге арналған;

5) жол есепті салық кезеңінде шетелдік көздерден алынған немесе алынуға жататын сыйақы түріндегі кіріс сомасын көрсетуге арналған;

6) жолы есепті салық кезеңінде шетелдік көздерден алынған немесе алынуға жататын стипендия түріндегі кіріс сомасын көрсетуге арналған;

7) жол есепті салық кезеңінде шетелдік көздерден алынған немесе алынуға жататын сақтандыру төлемдері түріндегі кіріс сомасын көрсетуге арналған;

8) жол есепті салық кезеңінде шетелдік көздерден алынған немесе алынуға жататын зейнетақы төлемдері түріндегі кіріс сомасын көрсетуге арналған;

9) жол есепті салық кезеңінде шетелдік көздерден алынған немесе алынуға жататын басқа да кіріс сомасын көрсетуге арналған;

В2 жолында Салық кодексінің 357-бабының 1-тармағына сәйкес үй жұмыскерлерінің салық агенті болып табылмайтын адамнан алмаған кіріс сомасы көрсетіледі;

В3 жолында Салық кодексінің 363-бабы 1-тармағының 6) және 7) тармақшасына сәйкес еңбек шарттары (келісімшарттары) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары алған кіріс сомасы көрсетіледі;

В4 жолында Салық кодексінің 357-бабы 1-тармағына сәйкес салық агенттері болып табылмайтын адамдардан алған кәсіби медиаторларды қоспағанда, медиаторлардың кіріс сомасы көрсетіледі;

В5 жолында "Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығына сәйкес шаруашылық бойынша есепке алу кітабында есепке алынған жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін, Салық кодексінің 357-бабының 1-тармағына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұлғаның салық агентіне анық емес мәліметтерді ұсынуына байланысты төлем көзінен ЖТС ұстап қалу жүргізілмеген салық салуға жататын кіріс сомасы көрсетіледі;

В6 жолында Салық кодексінің 642-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезидент-еңбекші көшіп келушілер алған өзге де кіріс сомасы көрсетіледі ;

В7 жолында Салық кодексінің 321-бабында көзделген, салық агенті болып табылмайтын тұлғалардан алынған және В бөлімінің 1-6-жолдарында көрсетілмеген басқа кірістер;

3) С жолында Салық кодексінің 297 және 340-бабына сәйкес айқындалған бақыланатын шетелдік компаниялардың (бұдан әрі – БШК) және бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің (бұдан әрі – БШК ТМ) жиынтық пайдасы көрсетіледі;

4) D жолында А, В және С жолының сомасы ретінде айқындалатын, салық салуға жататын кірістің қорытынды сомасы көрсетіледі

5) Е жолында кірістерді түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі:

Е1 жолында Салық кодексінің 341-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында салық салуға жататын кірістерден алып тасталған кіріс сомасы көрсетіледі;

Е2 жолында Салық кодексінің 654-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында салық салуға жататын кірістерден алып тасталған кіріс сомасы көрсетіледі;

Е3 жолында халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында салық салуға жатпайтын кіріс сомасы көрсетіледі;

Е4 жолында "Астана" Халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабының 7-тармағына сәйкес босатылатын кіріс сомасы көрсетіледі;

6) F жолында егер мұндай шегерімдер төлем көзінен салық салынатын кірісті айқындау кезінде жүргізілмесе, Салық кодексінің 342-бабына сәйкес салық шегерімдерінің сомасы көрсетіледі, оның ішінде:

F1 жолында стандартты салық шегерімдерінің сомасы көрсетіледі;

F2 жолында басқа да салық шегерімдерінің сомасы көрсетіледі;

7) G жолында Салық кодексінің 357-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалатын салық салуға жататын кіріс сомасы көрсетіледі (D жолы – E жолы – F жолы);

8) H жолында есептелген ЖТС сомасы көрсетіледі;

9) I жолында Салық кодексінің 359-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалатын шетелдегі көздерден алынған кірісінен есепке жатқызылған шетелдік салықтың сомасы көрсетіледі;

10) J жолында Салық кодексінің 359-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалатын БШК-ның және БШК ТМ-ның қаржылық пайдасынан есепке жатқызылған шетелдік салықтың сомасы көрсетіледі;

11) K жолында H, I және J (H жолы – I жолы – J жолы) жолының айырмасы ретінде айқындалатын, мүліктік және басқа да кіріс бойынша салық кезеңі үшін төленуге жататын ЖТС сомасы көрсетіледі;

12) "Жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кент және ауылдық округ әкімі аппараттың БСН" деген жолда тұлғаның тұрғылықты жері бойынша аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) көрсетіледі.

### **3-параграф. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияға 270.02-нысанын (2-қосымша) жасау**

12. 2-қосымша "ЖТС бойынша асып кетуді есепке жатқызу және қайтару жөніндегі талап" 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап толтырылады.

13. 2-қосымша Декларацияда 8В жолы белгіленсе ЖТС бойынша асып кетуді есепке жатқызу және қайтару жөніндегі талап толтырылады.

14. "ЖТС бойынша асып кетуді есепке жатқызу туралы талап" деген B бөлімінде салық төлеуші ЖТС бойынша асып кетуді есепке жатқызуды қабылдауды талап еткен асып кету сомасы көрсетіледі;

18. "ЖТС бойынша асып кетуді есепке жатқызу туралы талап сомасы" деген жолда есепке жатқызу үшін ЖТС асып кетуінің жалпы сомасы көрсетіледі.

"Салық берешегі бойынша" деген 1-жолда:

1) "БСК" деген ұяшықта берешегі бар салықтың БСК-сы көрсетіледі;

2) "Салық сомасы" деген ұяшықта берешегі бар салық бойынша сомасы көрсетіледі;

3) "Өсімпұл сомасы" деген ұяшықта берешегі бар салық бойынша өсімпұл сомасы көрсетіледі;

4) "МКО коды" деген ұяшықта аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қала аудандарының МКО-ның коды көрсетіледі.

"Алдағы төлемдер" деген 2-жолда:

1) "БСК" деген ұяшықта есепке жатқызатын салықтың БСК-сы көрсетіледі;

2) "Салық сомасы" деген ұяшықта есепке жатқызатын салықтың сомасы көрсетіледі ;

3) "МКО коды" деген ұяшықта аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қала аудандарының МКО-ның коды көрсетіледі.

19. "ЖТС бойынша асып кетуді қайтару туралы талап" деген С бөлімде ЖТС-тің асып кетуін қайтаруға ниет білдірген салық төлеуші:

1) "Салық берешегін өтегеннен және алдағы төлемдер есебіне енгізгеннен кейінгі ЖТС сомасын банк шотыма қайтаруды сұраймын" деген ұяшықта банк шотына қайтару үшін ЖТС сомасын көрсетеді;

2) "Бенефициар банктің ЖСК (шот нөмірі)" деген ұяшықта ЖТС бойынша асып кету сомасын аудару үшін қажет бенефициар банктің ЖСК-сын және банк шотының нөмірін көрсетеді;

3) "Банк коды (банктің сәйкестендіру коды)" деген ұяшықта ЖТС бойынша асып кету сомасын банк шотына аудару үшін қажет банктің сәйкестендіру кодын көрсетеді.

#### **4-параграф. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияға 270.03-нысанын (3-қосымша) жасау**

20. Егер Декларацияда 8С жолы белгіленсе, "Жеке практикамен айналысатын адамның кірісі туралы мәліметтер" 3-қосымша толтырылады.

21. "Жалпы ақпарат" деген А бөлімде:

1) 1-жолда – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) 2-жолда – Декларация табыс етілетін салық кезеңі араб цифрымен көрсетіледі.

Күнтізбелік жыл Декларацияны табыс ету үшін салық кезеңі болып табылады.

22. "Жекеше нотариустың, сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың толтырады" деген В бөлімде салық төлеуші есепті кезеңде олар болған кезде мынадай деректерді:

1) А бағанында – кіріс алынған кезеңді (ай);

2) В бағанында – есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін алынған кіріс сомасын;

3) С бағанында – есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін бюджетке төленуге жататын ЖТС сомасын көрсетеді;

4) "Жеке практикамен айналысатын адамның орналасқан жері бойынша аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кент және ауылдық округ әкімі аппаратының БСН" деген бағанда тұлғаның орналасқан жері бойынша аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

5) "Жеке практикамен айналысатын адамның орналасқан тұратын жері бойынша облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қала аудандарының МКО коды" деген бағанда жеке практикамен айналысатын адамның тұрғылықты тұратын жері бойынша облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қала аудандарының мемлекеттік кірістер органдарының коды көрсетіледі.

**5-параграф. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияға 270.04-нысанын (4-қосымша) жасау**

23. Егер Декларацияда 8D жолы белгіленсе, "Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мүлік туралы мәліметтер" 4-қосымша толтырылады.

"Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мүлік туралы мәлімет" деген 4-қосымшаны Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңға сәйкес осы декларацияны тапсыру бойынша міндет жүктелген тұлғалар толтырмайды.

24. "Жалпы ақпарат" деген А бөлімде:

1) 1-жолда – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) 2-жолда – Декларация табыс етілетін салық кезеңі араб цифрымен көрсетіледі.

Күнтізбелік жыл Декларацияны табыс ету үшін салық кезеңі болып табылады.

25. "Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сатып алынған және (немесе) иеліктен шығарылған және (немесе) өтеусіз алынған мүлік туралы мәлімет" деген В бөлімде салық төлеуші есепті кезеңде олар болған кезде мынадай деректерді:

А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

В бағанында – мүлікті сатып алу/алу, иеліктен шығару тәсілін;

С бағанында – мүлік түрлері:

Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын не ол бойынша құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын мүлікті;

эмитенттері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздарды, цифрлық активтерді;

инвестициялық алтынды;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін;

D бағанында – санын;

Е бағанында – құқық белгілейтін құжаттар негізінде С бағанында көрсетілген мүліктің сәйкестендіру нөмірін не шарттың нөмірін;

Ғ бағанында – шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын не ол бойынша құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын мүліктің тіркеу күнін;

Г бағанында – беруші тұлғаның сәйкестендіру нөмірін;

Н бағанында – мүлікті тіркеу елінің кодын көрсетеді. Елдің коды "Кедендік декларацияны толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі №378 шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

І бағанында – № 378 КОК шешімімен бекітілген "Валюталар жіктеуіші" 23-қосымшасында белгіленген үш таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетілетін валюта коды;

Ј бағанында – мүліктің құнын (бағасын) көрсетеді.

26. "Есепті салық кезеңінің 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетел банктеріндегі банктік шоттарда, жиынтығында 1000 АЕК-ден асатын сомадағы ақша туралы мәліметтер" деген С бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді:

А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

В бағанында – банк мекемесінің сәйкестендіру нөмірін;

С бағанында – ақша сақталатын банк мекемесінің атауын;

Д бағанында – банк мекемесін тіркеген елдің кодын көрсетеді. Елдің коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

Е бағанында – № 378 КОК шешімімен бекітілген "Валюталар жіктеуіші" 23-қосымшасында белгіленген үш таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетілетін валюта кодын;

Ғ бағанында – жиынтығында АЕК-тің мың еселенген мөлшерінен асатын сомада Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетелдік банктердегі банктік шоттардағы ақшаны көрсетеді.

27. "Есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде дебиторлық/кредиторлық берешектің болуы туралы мәліметтер" деген Д бөлімде егер шарт немесе міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын, нотариат куәландырған (растаған) өзге құжат болған кезде Декларацияны табыс ететін жеке тұлғаның алдындағы басқа тұлғалардың берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) Декларацияны табыс ететін жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешек) болған кезде толтырылады.

Есепті күнге осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар болған жағдайда салық төлеуші мынадай деректерді:

А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

В бағанында – берешек түрін (дебиторлық/кредиторлық);

С бағанында – дебитордың/кредитордың сәйкестендіру нөмірін;

Д бағанында – дебитордың/кредитордың тіркелген елінің кодын көрсетеді. Елдің коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

Е бағанында – есептелген сыйақы (пайыздар) сомасын қоса алғанда, берешек сомасы;

Ғ бағанында – шартқа сәйкес қайтару мерзімі;

Г бағанында – нотариаттық іс-әрекеттерді жүргізген нотариус лицензиясының немесе сот шешімінің нөмірі мен күні.

28. "Есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде мүлік пен активтердің болуы туралы мәліметтер" деген Е бөлімде салық төлеуші есепті күнге олар болған кезде мынадай деректерді:

А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

В бағанында – мүліктің түрі:

Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын не ол бойынша құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын мүліктің түрін;

эмитенттері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздарды, цифрлық активтерді;

инвестициялық алтынды;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін;

С бағанында – құқық белгілейтін құжаттар негізінде В бағанында көрсетілген мүліктің сәйкестендіру нөмірін;

Д бағанында – мүлікті тіркеу елінің кодын көрсетеді. Елдің коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

Е бағанында – мүлікті тіркеу мекенжайын көрсетеді.

#### **6-параграф. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияға 270.05-нысанын (5-қосымша) жасау**

29. Егер Декларацияда 8Е жолы белгіленсе "Мүлікті сатып алу (алу) және (немесе) иеліктен шығару туралы және мүлік сатып алуға арналған шығыстарды жабу көздері

туралы мәліметтер" 5-қосымшаны осы Қағидалардың 2-тармағының 1), 2), 3) және 9) тармақшаларында көзделген адамдар толтырады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.10.2025 № 624 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. "Жалпы ақпарат" деген А бөлімде:

1) 1-жолда – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) 2-жолда – Декларация табыс етілетін салық кезеңі араб цифрымен көрсетіледі. Күнтізбелік жыл Декларацияны табыс ету үшін салық кезеңі болып табылады.

31. "Мүлікті сатып алу (алу) (оның ішінде ақша) туралы және мүлік сатып алуға арналған шығыстарды жабу көздері туралы мәліметтер" деген В бөлімде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңына заңға сәйкес жеке тұлғалардың декларациясын тапсыру міндеті жүктелген тұлғалар есепті кезеңде олар болған кезде, мынадай деректерді:

01 жолында – сатып алынған (алынған) мүлік (оның ішінде ақша) туралы:

1) А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

2) В бағанында – сатып алынған (алынған) мүліктің түрін;

3) С бағанында – құқық белгілейтін құжаттар негізінде В бағанында көрсетілген мүліктің сәйкестендіру нөмірін көрсетеді. Сатып алған (алған) кезде:

заңды тұлғаға қатысу үлесі заңды тұлғаның сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

тұрғын үй құрылысындағы үлесі шарттың нөмірі көрсетіледі.

4) D бағанында – шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын не ол бойынша құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге (есепке алуға) жататын мүліктің тіркеу күні;

5) E бағанында – сатып алынған мүлік елінің коды. Елдің коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

6) F бағанында – объектінің орналасқан мекенжайы;

7) G бағанында – валюта коды көрсетіледі.

Валюта коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Валюталар жіктеуіші" 23-қосымшасында белгіленген үш таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

8) H бағанында – мүлік сатып алынған құнын (бағасын);

02 жолында – мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабуға арналған кіріс көздері туралы:

1) I бағанында – шығыстарды жабу көздері;

2) J бағанында – мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабуға арналған кіріс көзінің сәйкестендіру нөмірін;

3) К бағанында – мүлікті сатып алу үшін шығыстарды жабуға арналған кіріс көзінің атауы/ тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);

4) L бағанында – валюта коды көрсетіледі.

Валюта коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Валюталар жіктеуіші" 23-қосымшасында белгіленген үш таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

5) М бағанында – мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабуға арналған кіріс көзінің сомасын көрсетеді.

32. "Есепті салық кезеңі ішінде мүлікті, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жердегі мүлікті иеліктен шығару туралы мәліметтер" (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңға сәйкес осы декларацияны тапсыру міндеті жүктелген тұлғалар ғана толтырады) деген С бөлімінде салық төлеуші салық кезеңінде болған кезде мынадай деректерді:

1) А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

2) В бағанында – иеліктен шығарылған (берілген) мүліктің түрін;

3) С бағанында – құқық белгілейтін құжаттар негізінде В бағанында көрсетілген мүліктің сәйкестендіру нөмірін;

4) D бағанында – мүліктің тіркелген күнін (болған кезде);

5) E бағанында – иеліктен шығарылған мүлік орналасқан елдің коды. Елдің коды КОК-тың № 378 шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасында белгіленген екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

6) F бағанында – объектінің орналасқан мекенжайын (болған кезде);

7) G бағанында – сатып алушының/алушының атауы тегі, аты, әкесінің атын (болған кезде);

8) H бағанында – сатып алушының/алушының атауы ЖСН/БСН;

7) I бағанында – өткізілген мүліктің теңгедегі құнын (бағасын) көрсетеді.

#### **7-параграф. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияға 270.06-нысанын (6-қосымша) жасау**

33. Егер Декларацияда 8 F жолы белгіленсе "Дебиторлық/кредиторлық берешек туралы мәліметтер" 6-қосымша толтырылады.

34. "Жалпы ақпарат" деген А бөлімде:

1) 1-жолда – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН);

2) 2-жолда – Декларация табыс етілетін салық кезеңі араб цифрымен көрсетіледі.

Күнтізбелік жыл Декларацияны табыс ету үшін салық кезеңі болып табылады.

35. Есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы дебиторлық/кредиторлық берешектің болуы туралы мәліметтер (Банк қызметі туралы заңға сәйкес құрылған банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың берешегін қоспағанда) деген В бөлімінде шарт немесе міндеттеменің немесе талаптың

туындауына негіз болып табылатын, нотариат куәландырған (растаған) өзге құжат болған кезде Декларацияны табыс ететін жеке тұлғаның алдындағы басқа тұлғалардың берешегін (дебиторлық берешек) және (немесе) Банк қызметі туралы заңға сәйкес құрылған банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берешекті қоспағанда, Декларацияны табыс ететін жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешек) болған кезде толтырылады.

Салық төлеуші есепті күні олар болған кезде мынадай деректерді:

А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірін;

В бағанында – берешек түрін (дебиторлық/кредиторлық);

С бағанында – дебитордың/кредитордың сәйкестендіру нөмірін;

Д бағанында – берешегі бар валюта кодын көрсетеді.

Валюта коды №378 КОК шешімімен бекітілген "Валюталар жіктеуіші" 23-қосымшасында белгіленген үш таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

Е бағанында – есептелген сыйақы (пайыздар) сомасын қоса алғанда, берешек сомасын;

Ғ бағанында – шартқа сәйкес қайтару мерзімін;

Г бағанында – нотариаттық іс-әрекеттерді жүргізген нотариус лицензиясының немесе сот шешімінің нөмірі мен күні көрсетеді.

#### **8-параграф. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияға 270.07-нысанын (7-қосымша) жасау**

36. Егер Декларацияда 8 Г жолы белгіленсе "Бақыланатын шетелдік компанияның (БШК) қаржылық пайдасы" 7-қосымша толтырылады.

Бұл нысан БШК қаржылық пайдасының немесе БШК ТМ қаржылық пайдасының, есепке жатқызылуы тиіс БШК қаржылық пайдасынан немесе БШК ТМ қаржылық пайдасынан пайдаға салынатын салықтың, БШК кірісінен төлем көзінен ұсталған КТС-тың немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған, БШК-ның салық салынатын кірісінен төленген КТС-тың сомалары туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

Резидент-салық төлеушіде Салық кодексінің 296-бабының 2-тармағында айқындалған растайтын құжаттары болған кезде, осы қосымшада Салық кодексінің 340-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында салық салудан босатылуы тиіс БШК қаржылық пайдасы немесе БШК ТМ қаржылық пайдасы көрсетілмейді.

37. А бөлімінде "Жалпы ақпарат":

1) 1-жолда – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) 2-жолда – араб сандарымен Декларация табыс етілетін салық кезеңі көрсетіледі.

Декларацияны табыс ету үшін салық кезеңі күнтізбелік жыл болып табылады.

38. В бөлімінде "Бақыланатын шетелдік компанияның (БШК) қаржылық пайдасы" салық төлеуші есепті кезеңде олар болған кезде мынадай деректерді:

1) А бағанында – толтырылатын жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында – әрбір БШК-ның немесе әрбір БШК ТМ-ның атауы көрсетіледі. БШК және БШК ТМ айқындау Салық кодексінің 294-бабында берілген;

3) С бағанында – БШК-нің немесе БШК ТМ құрылған (инкорпорацияланған) елдің кодын көрсетеді.

Елдің коды КОК № 378 шешімімен бекітілген "Әлем елдерінің жіктеуіші" 22-қосымшасына сәйкес екі таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

4) D бағанында – олар құрылған (инкорпорацияланған) елдегі әрбір БШК-нің немесе әрбір БШК ТМ-ның мемлекеттік (салықтық) тіркеу нөмірі көрсетіледі. БШК-де немесе БШК ТМ-да екі тіркеу болған кезде: мемлекеттік және салықтық тіркеу болса, онда осы бағанда салықтық тіркеу нөмірін көрсету қажет;

5) E бағанында – Салық кодексінің 294-бабына және 297-бабының 7-тармағына сәйкес айқындалатын дербес немесе бақыланатын тұлға (бақыланатын тұлғалар) арқылы резидент-салық төлеушінің БШК-де тікелей, жанама, конструктивті иелік етуі немесе тікелей, жанама, конструктивті бақылауы кезінде әрбір БШК-де тікелей, жанама, конструктивті қатысуы немесе бақылау коэффициентінің жалпы мөлшері;

6) F бағанында – валютаның, қаржылық пайданың кодын көрсетеді;

Валюта коды № 378 КОК шешімімен бекітілген "Валюталар жіктеуіші" 23-қосымшасында белгіленген үш таңбалы әріптік кодтауға сәйкес көрсетіледі;

7) G бағанында – Салық кодексінің 340-бабы 1-тармағына, 297-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес айқындалатын, әрбір БШК-ге немесе әрбір БШК ТМ-ға салық салынғанға дейінгі қаржылық пайданың шетел валютасындағы оң шамасын;

8) H бағанында – резидент-салық төлеушіде Салық кодексінің 297-бабының 10-тармағында айқындалған растайтын құжаттар болған кезде, Салық кодексінің 340-бабының 3-тармағына сәйкес БШК-ның қаржылық пайдасынан немесе БШК ТМ-ның қаржылық пайдасынан жүргізілген азайтулар сомасы шетелдік валютада көрсетіледі.

Егер резидент-салық төлеуші Салық кодексінің 340-бабының 3-тармағын қолданбаған жағдайда, онда бұл бағанда "0" көрсетіледі;

9) I бағанында –Қазақстан Республикасында салық салынуы тиіс қаржылық пайданың шетел валютасындағы оң шамасы көрсетіледі, ол мынадай тәртіптердің бірімен:

егер G бағанында көрсетілген қаржылық пайда Салық кодексінің 297-бабының 5-тармағына сәйкес түзетуге жатпаса, G және H бағандарының (G бағаны – H бағаны) x E бағаны) арасындағы айырма ретінде айқындалатын шамасы мен E бағанының туындысы ретінде;

Салық кодексінің 297-бабының 5-тармағына сәйкес түзету коэффициенттерін қолдана отырып, осы тармақшаның екінші абзацына сәйкес айқындалған шамасы мен E бағанының туындысы ретінде айқындалады;

10) J бағанында – I бағанында көрсетілген және Салық кодексінің 297-бабының 6-тармағына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген, Қазақстан Республикасында салық салынуы тиіс қаржылық пайданың оң шамасы көрсетіледі;

11) K бағанында резидент-салық төлеушіде Салық кодексінің 359-бабының 2-тармағында көрсетілген растайтын құжаттардың болу шарты кезінде, Салық кодексінің 359-бабының 2-тармағына сәйкес есепке жатқызылуға жататын пайда салығының сомасы ұлттық валютада көрсетіледі.

Осы бағанда мынадай:

Салық кодексінің 359-бабының 2-тармағына сәйкес (Салық кодексінің 294-бабының 4-тармағы 12) тармақшасының екінші абзацына сәйкес айқындалатын тиімді мөлшерлемені қолдана отырып) есептелген, салық салуға дейін БШК қаржылық пайдасына немесе салық салуға дейін БШК ТМ қаржылық пайдасына салынған пайда салығының;

Салық кодексінің 359-бабының 2-тармағына сәйкес (Салық кодексінің 294-бабының 4-тармағы 12) тармақшасының үшінші абзацына сәйкес айқындалатын тиімді мөлшерлемені қолдана отырып) есептелген, салық салуға дейін БШК қаржылық пайдасына немесе салық салуға дейін БШК ТМ қаржылық пайдасына салынған пайда салығының төленген сомасының ең аз шамалары көрсетіледі.

Бұл бағанда валюта айырбастаудың мынадай:

егер бұл бағанда осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген пайда салығының сомасы көрсетілуі тиіс болса – есепті кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамын;

егер бұл бағанда осы тармақшаның төртінші абзацында көрсетілген пайда салығының сомасы көрсетілуі тиіс болса – шет мемлекетте осындай пайдаға салық төленген күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып ұлттық валютада қайта есептелген пайда салығының сомасы көрсетіледі.

12) L бағанында БШК-ның Қазақстан Республикасындағы көздерден алған кірістері ұлттық валютада көрсетіледі.